


қажеттілігі жоқ. Калий карбонатының артық мөлшері құрғақ еріткіш ретінде қолданылып, шығымды төмендететін қоспаның реакторға жабысып қалуын болдырмайды. Өнеркәсіпте қолдану үшін бұл процесс өте қымбат, себебі бұл үшін тек калий, рубидий, цезий карбонаттары ғана сәйкес келеді; ал арзан натрий, магний, кальций карбонаттары бұл реакция кезінде инертті болып келеді.

3.1.2. Оксibenзой және оксинафтой қышқылдары. Синтезі, қасиеттері және қолданылуы

Оксibenзой қышқылдары. Барлық үш оксibenзой қышқылдары (о-оксibenзой, м-оксibenзой және п-оксibenзой) карбон қышқылдарына тән барлық химиялық қасиеттерге ие.

Салицил қышқылын алудың негізгі өнеркәсіптік тәсілі Кольбе-Шмидт бойынша құрғақ натрий фенолятын көміртек диоксидімен карбоксилдеу болып табылады [3, 10].

Таза салицил қышқылы (балқу т. 154-156°C) иіссіз, ине тәрізді немесе жеңіл кристалдық ұнтақ; суда нашар, спиртте, эфирде оңай ериді. Су буымен ұшқыш. Абайлап қыздырғанда айдалады. 160°C жоғары қыздырған кезде декарбоксилденіп, иісі бойынша оңай ажыратылатын фенолға айналады.



Салицил қышқылының антисептикалық қасиеттері болғандықтан медицинада (антисептикалық әсері бар мазь, паста, спирттік ерітінділер түріндегі сырттай пайдаланатын құрал) қолданылады.

Салицил қышқылы медицинада кең қолданылатын физиологиялық активті бірқатар туындылар береді [5]. Салицил қышқылының төмендегідей туындылары практикада кең қолданылады:

- 1) карбоксил тобы есебінен түзілетін тұздары [натрий салицилаты (I)];